

Шоу - бизнес

Әсел СӘДУАҚАСОВА:

Балиде өмір сүру Алматыдан арзан



Актриса Әсел Сәдуақасова Балидегі өмірін айтып берді. Өнер иесі Индонезия еліне демалысқа кеткен еді.

«Өз тәжірибем бойынша айтар болсам, Балиде өмір сүру Алматыға қарағанда 2-3 есе арзан. Алматыда түрлі шығындарым көп. Ал мұнда тек негізгі қажеттіліктерге – тамақ, жолақы және басқа да ұсақ-түйекке ғана ақша жұтсаймын. Мен өзімнің сүйікті Қазақстанымды өте қатты сағындым. Былтырғы жылдың қарашасынан бері болмадым. Бірінші рет осынша ұзақ. Қайту уақыты келді деп ойлаймын», – деді Әсел Сәдуақасова.

Хабарландыру

“Рауан” балабақшасы” МКҚК-і, Төлеби ауданы Достық е.м. Астана көш 2а мекенжайында орналасқан “Рауан” балабақшасы нысанына жасалған қоршаған ортаға әсерді бағалау бөліміне (ҚОӘБ) жария талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> 27.08.2025 ж. бастап қол жетімді болады. Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданатын болады

Объявление

ГККП “Детский сад “Рауан” сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу охраны окружающей среды (РООС) на здании “ Детский сад “Рауан” расположенный по адресу Төлебийский район, с.Достық, ул.Астана, 2а. Проектная документация будет доступна на Единном экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> с 27.08.2025 г. Замечание и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Хабарландыру

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы” МКҚК-і, Төлеби ауд Ленгер қаласы Төлеби көш, 89 мекенжайында орналасқан «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы нысанына жасалған қоршаған ортаға әсерді бағалау бөліміне (ҚОӘБ) жария талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> 27.08.2025 ж. бастап қол жетімді болады. Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданатын болады

Объявление

ГККП «Ясли-сад «Қарлығаш» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу охраны окружающей среды (РООС) на здании «Ясли-сад «Қарлығаш» расположенный по адресу Төлебийский район г.Ленгер , ул Толеби , 89. Проектная документация будет доступна на Единном экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> с 27.08.2025 г. Замечание и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Хабарландыру

«Алина» бөбекжай-бақшасы” МКҚК-і, Төлеби ауд Ленгер қаласы Төлеби көш, 113 мекенжайында орналасқан «Алина» бөбекжай-бақшасы нысанына жасалған қоршаған ортаға әсерді бағалау бөліміне (ҚОӘБ) жария талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> 27.08.2025 ж. бастап қол жетімді болады. Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданатын болады

Объявление

ГККП «Ясли-сад «Алина» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу охраны окружающей среды (РООС) на здании «Ясли-сад «Алина» расположенный по адресу Төлебийский район г.Ленгер , ул Толеби , 113. Проектная документация будет доступна на Единном экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> с 27.08.2025 г. Замечание и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Хабарландыру

«Мереке» бөбекжай-бақшасы” МКҚК-і, Түркістан қаласы Улан көш, 63 мекенжайында орналасқан «Мереке» бөбекжай-бақшасы нысанына жасалған қоршаған ортаға әсерді бағалау бөліміне (ҚОӘБ) жария талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> 27.08.2025 ж. бастап қол жетімді болады. Ескертулер және ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданатын болады

Объявление

ГККП «Ясли-сад «Мереке» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу охраны окружающей среды (РООС) на здании «Ясли-сад «Мереке» расположенный по адресу г.Туркестан , ул Улан , 63. Проектная документация будет доступна на Единном экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> с 27.08.2025 г. Замечание и предложения принимаются в течении 5 рабочих дней.

Бұқаралық спорттың бәсі биік

«Спорт – денсаулық кепілі». Бұл ұран бәрімізге бала күннен таныс. Ал оның астарына үңіліп қарасақ, шын мәнінде үлкен мағына жатқанын байқаймыз. Өйткені адамға өмірде керегі денсаулық. Сондықтан халқымыз «бірінші байлық – денсаулық» деп тегін айтпаған. Ал денсаулықты сақтайтын ол саламатты өмір салты мен спорт.



Елімізде қабылданған Өңірлерді дамыту бағдарламасында елді-мекендерді абаттандыру ісінде спорт алаңдарын салуға, жалпы спорт инфрақұрылымын күшейтуге де мән берілгені бекер емес. Адам күнделікті жаттығу жасап, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұтаса дені сау, өмірге сергек көзбен қарай бастайды. Керісінше спортты серік етпеген, жаман әдеттерге бой алдырғыш жандар денсаулығына байланысты дәрігер көмегіне жиі жүгінеді. Сондықтан мемлекет халықтың әлеуметтік жағдайына баса назар аударып, спортты дамытуға көңіл бөліп отыр. Әсіресе бұқаралық спортты өркендетуге көп күш салынып жатыр. Себебі бұқаралық спортпен халықтың денсаулығы жақсарады. Қазақ халқы дені сау ұлтқа айналады. Осыған байланысты жұмыстар Сарыағаш ауданында да қолға алынған. Ауданда осы мақсатқа орай бүгінде көптеген спорт кешендері бой көтеріп келеді. Мұндай спорттық нысандар әрбір ауыл округінде ашыла бастады. Бұл жерде аудан әкімдігінің атқарған орасан зор еңбегін атап өткен жөн. Сол үшін әлеуметтік мәселе ішінде спорт саласы ауданда күн тәртібінен түспеген.

Осы орайда жуырда Сарыағаш ауданындағы орталық саябақта «Спорт күні» мерекесі аталып өтті. Аталған іс-шараға аудандағы спорт ардагерлері мен сала қызметкерлері және ел намысын қорғап жүрген спортшылар қатысты. Сарыағаш ауданы әкімінің міндетін уақытша атқарушы Н.Талипов пен аудандық мәслихаттың төрағасы Р.Асылбекұлы арнайы іс-шараға қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтап, спорт саласында әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғайтын спортшылардың көптеп шыға беруіне тілектестігін білдірді. Сонымен қатар, іс-шара барысында ардагер спортшылар мен үздік спортшылар аудан әкімінің және мәслихат төрағасының атынан алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапатталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде спортты дамытуға, спорттық инфрақұрылымның балаларға барынша қолжетімділігін қамтамасыз етуге көңіл бөлінуде. Осы бағытта жоғарыда атап өткеніміздей, ауылдарда спорттық инфрақұрылым жақсарып келеді. Мәселен, өткен жылы Жылға ауылдық округінде заманауи спорт және Workout алаңшасы бой көтерген болатын. Оның ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімі Арман Абдуллаев келешекте спорттық нысандар әрбір елді мекенде ашылатынын жеткізген еді. «Бұл мемлекетіміздің ел келешегін, ұрпақ болашағын қамдастырып отырған салиқалы саясатының жаңғырығы. Тәуелсіз Отанымыздың тұғырлы, ғұмырлы болуы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Білімді, ойлы, ақылды, спортты сүйетін, жаны таза, денсаулығы мықты жас ұрпақ қалыптастырсақ, ойымыздың орындалғаны, мақсат-мүдделіміздің жүзеге асқаны

деп білеміз. Бүгінгі пайдалануға беріліп отырған алаңша спортты сүйетін қалың жұртшылықтың, әсіресе, жастардың қылағатын ордасына айналсын! Жастайынан денесті шымыр болып өскен баланың денсаулығы да мықты болады. Ал дені сау ұрпақ – мемлекет келешегі. Келешекте республикамыздың намысын қорғайтын Азия, Әлем, Олимпиада чемпиондары шықсын!», – деген болатын аудан басшысы. Айта кетсек, аталған спорт алаңшасы аудандық бюджет есебінен салынды. Жалпы ауданы 0,30 гектарды құрайтын спорт алаңшасында кіші футбол алаңы, автотұрақ, сонымен қатар Workout-пен (жаттығу алаңшасымен) жабдықталып, балаларға арналған ойын өткеншектері орнатылған. Мұнда жақын маңда тұратын балалар волейбол, футбол ойнап, қосымша спорт түрлерімен де айналыса алады.

Ауданда спортты дамытуға барынша жағдайлар жасалып жатыр. Соның ішінде түрлі жарыстар мен турнирлерді ұйымдастыру бар. Осындай спорттық іс-шараның біріне Қызылжар ауылы тұрғындарының ұйымдастыруымен жуырда өткен «Бүркіт» футбол командасының 60 жылдығына арналған халықаралық турнирді атап өтсек болады. Дүбірлі доп додасына Өзбекстан Республикасынан, Шымкент қаласынан және Түркістан облысындағы аудан қалаларынан жалпы 17 команда қатысып, үш күн бойы тартысты ойын көрсетті. Турнирдің ашылу салтанатында Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары Нұрполат Талипов сөз алып: «Бүркіт – тек команданың атауы ғана емес, бұл – тарихы терең, намыс пен бірліктің символы. Осы сайысты ұйымдастырудағы еңбектеріне Қызылжар ауылының тұрғындарына ризашылығымызды білдіреміз. Қызылжар елді мекені «Үлгілі ауыл» атағына әбден лайық», – деді. Аудандық мәслихат төрағасы Рысбек Асылбекұлы, «Құрмет» орденінің иегері Сақыбеков Жұмаділла, ардагер футболшылар Жаппарбек Жұпарбекұлы және Жақсылық Шотаұлы футболшыларға сәттілік тіледі.

Сайыс нәтижесінде I орынды иеленген жергілікті Қызылжар ауылының «Бүркіт» командасына – 1 000 000 теңге, II орынға көтерілген Сарыағаш ауданы құрама командасына – 500 000 теңге, ал III орын иегері Мақтаарал ауданы командасына 300 000 теңге табыс етілді. Төртінші орынмен жарысты қорытындылаған «Сіргелі» командасына ауыл тұрғындарының атынан арнайы 200 000 теңге сыйақы берілді. Сонымен қатар ойында ерекше көзге түскен үздік ойыншыларға қаржылай сыйлықтар табысталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, турнирдің басты мақсаты – ауыл бірлігін сақтау, достық қарым-қатынасты нығайту, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, ардагер ойыншыларға құрмет көрсету және Қызылжар ауылының «Бүркіт» командасының спорттағы жетістіктерін өскелең ұрпаққа насихаттау.

Ә.ҚОНЫСБАЙ



Меншік иесі:

«Рейтинг Media» ЖШС

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 31.10.2008 жылы №9600-г тіркеу туралы куәлігі берілген.

Бас редактор
Бақытжан Әбдірашұлы
ДӘУІТОВ

Бас редактордың орынбасары

Асылбек ДОСАЛЫ

Шығармашылық топ:

Еркін ДОСЫМБАЙ,
Жандар КӨШЕНОВ,

Аида ӨТЕП,

Сезім МЕРГЕНБАЙ,

Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакцияның мекен-жайы:

160000, Шымкент қаласы,
Дулати көш., 41
Байланыс телефондары –
8 (7252) 548037, 549762www.qazreiting.kz
E-mail: reiting_media@mail.ruТаралу аумағы –
Қазақстан Республикасы.
Газет ЖК «PrintSap»
баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Шымкент
қаласы,
Әлімқұлов көшесі, 22.
Тапсырма № 1881
Таралымы – 13500